

***Тақырыбы: Тұтас педагогикалық (процестің)
үдерістің мәні және құрылымы***

- 1 . Тұтас педагогикалық үдеріс ұғымының қалыптасу тарихы.**
- 2. Педагогикалық үдерістің мәні, оның құрылымдылық компоненттері**
- 3. Педагогикалық үдерістің қозғаушы күштері.**

- Оқыту мен тәрбие процесін ажырамас бірлікте қарастыру идеясы ХІХ ғасырдың ортасында өмірге келді.
- «Педагогикалық процес» ұғымын ғылымға алғаш рет 1904 жылы *Петр Федорович Каптерев* енгізді.
- «Педагогикалық процес - өзінің табиғатында өзіне-өзі әрекет жасай алатын қоғамдық жеке тұлғанын жан-жақты жетілуі».
- Ол педагогикалық процес пен тәрбиені үйлесімдікте, яғни педагогикалық процесті тұлғаның жан-жақты жетілу процесі ретінде қарастырды.
- *П.Ф. Каптерев* педагогикалық процесті әтүрлі кырлар мен құралдардан тұратын біртұтас құбылыс ретінде түсіндіріп, оның *оқыту, білім, тәрбие беру, үйрету, дамыту, бағыт беру, жандандыру, жазалау* кезендері болатынын атап көрсетті

- ХХ ғасырдың 20-жылдарында тәрбиенің заңдылықтары зерттеле бастады (**Н. К. Гончаров, А.Г. Калашников**).
- Біршама кейін педагогикалық процестің құрамдас бөлігі оқыту процесі заңдылықтарын **В.И. Загвязинский, Г.И. Щукина, Н.И. Болдырев** және т.б. өз еңбектерінде нақты ашып көрсетті.
- ХХ ғасырдың соңғы жылдарында біртұтас педагогикалық процес заңдылықтарын **М.А. Данилов, Ю.К. Бабанский, Б.Т. Лихачев, В.А. Сластенин** сияқты ғалымдар педагогика әдіснамасы жетістіктеріне сүйеніп, зерделеді.
- **М.А. Данилов** «Педагогикалық процес - көптеген процестердің ішкі байланысқан жиынтығы, оның мәні тәрбие арқылы адамның әлеуметтік құнды сапасына айналатындығы» деген анықтама береді.
- Педагогикалық процестің негізгі сипаттамасы оның **бір тұтастығында**.
- Педагогикалық процестің барлық құраушылары бір мақсатқа бірігеді: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік.
- Педагогикалық процестің тұтастығы жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, дамыту мақсаттарының бірлігі мен нақты оқу-тәрбие процесінің барысымен сипатталады.

Ю.К.Бабанский, В.А.Сластенин, Н.А.Сорокиннің «Педагогика»

оқулығында педагогикалық процес кандай да біртұтас қасиеттерімен сипатталады:

- тәрбие, білім беру, оқыту, дамыту процестерін өзара органикалық бірлікте қарастырады
- оқыту мен тәрбие әдістерінің бірін- бірі толықтыруына мүмкіндік береді, түпкі нәтижесі - тұлғаның бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлауының дамуына бағытталған тұжырымдаманы мектептегі педагогикалық процесте жүзеге асыру;
- педагогикалық және оқушылар ұжымын тұтас жалпы мектептік ұжымға біріктіреді, тұтас мектеп ұжымы оқушының нәтижеге бағытталып дамуында субъект рөлін атқарады, педагогикалық үдеріске оның тұтастығын қамтамасыз ететін заңдылықтары мен ұстанымдары тән», - деген тұжырым жасайды.

Педагогикалық процес - әлеуметтік жүйе.

И.П. Подласый «педагогикалық процес» - әлеуметтік тәжірибе адамның сапасының қалыптасуына айналатындай өзара іштей байланысқан әлеуметтік жүйе ретінде «педагог-оқушылар» - мұғалім іс-әрекетінің объектісі ретінде қарастырылады.

Оның барлық құрамаларының бір мақстақа бағынатынын айқындайтын *тұтастық, ортақтық, бірлік* - педагогикалық процестің басты сипаты.

Педагогикалық процестің белгілері мен сапа-қасиеттері:

- 1) педагогикалық процес *әлеуметтік жүйе*, оның өмір сүруі, қызмет істеуі оған қатысушылардың өзара іс-әрекеттерінің алмасуымен анықталады;
- 2) *ынтымақтастық* (тек қана ұстаздармен ғана емес, оқушылар бір-бірімен де) оқушы үшін әр түрлі іс-әрекеттердің тәсілдерін тезірек меңгерудің, яғни педагогикалық процестегі іс-әрекет субъектісінің қалыптасуының шарттарын бейнелейді;
- 3) *«ұстаздар-оқушылар»* жүйесінің біртұтастығы педагогикалық процес ішіндегі әртүрлі деңгейдегі жүйелердің өзара әрекеттесуі барысындағы мақсат пен нәтижелердің бірлігімен анықталады;
- 4) педагогикалық процестің негізгі интегративтік қасиетін әр- түрлі тетіктердің бірлігі деп қарап, ондағы өзара байланысқан жүйелердің оқушылар тұлғасының қалыптасуына әсері іс-әрекет субъектілерінің (*ұстаздар мен оқушылардың*) қайта құру белсенділігімен сипатталады.

- ✓ *Орта, жоғары оқу орындары мен мектептен тыс мекемелер жүйесінде білім беру және тәрбие мақсатын жүзеге асыру процесін тұтас педагогикалық процес деп атайды.*
- ✓ *Білім беру мен тәрбие міндеттерін толық шешу үшін сабақ үстінде әрбір тақырып бойынша оқуды тәрбиемен үйлестіріп өткізу – оқу-тәрбие процесінің басты шарты.*
- ✓ *Педагогикалық процесті ұйымдастыру барысында оқушы және оқушылар коллективі бір жағынан тәрбие объектісі, екінші жағынан тәрбие субъектісі болады.*
- ✓ *Тәрбиенің субъектілері мен объектілері арасында әр түрлі байланыстар пайда болады. Мысалы, тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ақпарат алмасуы, ынтымақтастық немесе бірлестік іс-әрекеті т.б. Мұндай байланыстар педагогикалық процестің табысты болуына игі әсер етеді*
- ✓ *Тұтас педагогикалық процестің өзіне тән компоненттері бар. Олар оқыту мен тәрбиенің мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі. Бұл компоненттер бір-бірімен тікелей байланысты түрде іске асырылады, демек, педагогикалық процесс сонда ғана оң нәтиже береді.*

Тәрбие мен оқыту процестері бірте-бірте өзін-өзі тәрбиелеу және өз бетімен білім алу процестеріне ұласады. Сондықтан тұтас педагогикалық процесті оқыту, тәрбие, білім беру және даму процестерінің табиғи бірлігі деп қарастырған жөн.

*Педагогикалық процесте педагог –
объект және субъект.*

*Оқушы да педагогикалық процесте –
объект және субъект.*



Педагог

Объект ретінде – тәрбиелік әсерлерге түседі және өзін жетілдіріп отырады.

Бұл үшін оған өзінің диалектикалық ойлауын дамыту, өзіне және тәрбиеленушілерге эмоционалдық қатынас жасай білу қабілеттілігі, өз іс-әрекетіне сынай қарай білу қабілеттілігі қалыптасуы керек.

Субъект ретінде – арнайы педагогикалық білім алады, адам тәрбиесіне қатысты жауапкершілікті мойнына ала алады, дүниетанымы, рухани-құлықтық белсенді қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігін дамытады.

Оқушы

Объект ретінде – педагогикалық мақсаттарға сәйкес түрленетін дербестігі бар.

Субъект ретінде – табиғи қажеттіліктері, нышандары, өз қажеттіліктерін, қабілеттіліктерін, қызығушылықтарын, ұмтылуларын түрлендіруге, өзгертуге педагогикалық әсерлерді белсенді меңгеруге немесе қарсы тұруға мүмкіндігі бар.

Бұл жерде ескеретін нәрсе, оқу-тәрбие процесінің негізі ретінде оқытуда да, тәрбиелеуде де тұлғаның дамуы жүзеге асырылуы қажет.

Педагогикалық процестің құбылыс ретіндегі бірқатар маңызды белгілері бар. Педагогикалық процестің негізгі белгілері:

- 1) қос жақты іс-әрекет;*
- 2) өзара байланысты жүреді;*
- 3) мақсатты, мазмұнды ұйымдасқан түрде жүреді;*
- 4) мақсатқа қол жеткізу формалары мен әдістері арқылы сипатталады.*

Қосжақтылық белгісі бойынша:

- 1- жағы: арнайы дайындалған маман жүргізетін мақсатты педагогикалық іс-әрекет;*
- 2- жағы: тәрбиеленушінің дамуын, өзгеруін негіздейтін белсенді іс-әрекет, яғни оқу немесе оқу-танымдық іс-әрекет.*

*Педагогикалық процестің нәтижелі болуы оның ішкі **қозғаушы күштеріне** байланысты.*

***Қозғаушы күш** деп қойылатын талаптар мен оларды орындауда оқушылардың мүмкіншілігі арасындағы қайшылықты айтады. Егер қойылатын талап оқушылардың мүмкіншілігіне, яғни даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму процесінің көзіне айналады.*

Оқыту мен тәрбие процестерін бір-бірінен ажыратуға болмайды, бірақ бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

***Тәрбие процесі** – бұл күрделі диалектикалық процесс. Оған әлеуметтік ортаның, үй жағдайының, түрлі адамдардың ықпалы ерекше әсер етеді. Сондықтан тәрбие процесін, оқыту процесі сияқты тез іске асыру, тексеру және нәтижесін анықтау өте қиын. Мысалы, оқушылардың мінез-құлқындағы адамгершілік сезім мен сенімнің бірлігін тексеруге бола ма? Әрине, тексеру өте қиын, өйткені мұндай қасиеттер балада жастайынан, бүкіл өмірі бойы қалыптасады.*



Оқыту процесі тәрбие процесіне қарағанда анағұрлым оңай басқарылатын, тез іске асырылатын, нәтижесі тез тексерілетін процесс. Мысалы, әрбір сабақ үстінде бақылау, жаттығу жұмыстары және сұрақ-жауап арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеріп, тез қорытынды шығаруға болады.

Сыныптағы оқыту процесіне, мұғалім мен шәкірттердің іс-әрекеттеріне сыртқы факторлар әсер етпейді. Мысалы, металл тотығының гидраты мен қышқыл арасындағы бейтарап реакцияны оқушыларға басқаша дәлелдеп, түсіндіруге болмайды, өйткені, бұл реакцияның нәтижесінде тек қана тұз бен су пайда болады.

Оқыту мен тәрбие процестері – оқытудың даму функциясын жүзеге асырудың негізі. Бұл екі процесс жеке адамды жан-жақты дамытып, қалыптастырудың үстем функциясы болады.



Педагогикалық процестің құрылымы:

1. Бірінші- арнайы дайындығы, білімі бар ұстаз, педагогикалық үдерісті жүргізетін маман.



2. Екінші бөлік- шәкірт. Объект және субъект ретінде қаралады.

3. Үшінші бөлік- педагогикалық үдерістің мазмұны. Ол адамның әлеуметтік қарым-қатынасынан туындайды.

4. Төртінші бөлік- педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және басқару компоненті.

Педагогикалық проесстің қозғаушы күштерін қарастырған ғалымдар

- М.А.Данилов
- Н.Д. Хмель
- Г. И. Щукина
- Б.Т. Лихачев
- А.С. Макаренко
- Н.К. Крупская
- Г. С. Костюк
- В. А.Сухомлинский
- Н.А. Завалко



Педагогика ғылымында қарама — қайшылықтардың ролін XX ғасырдың барлық кезендерінде ашып көрсетуге тырысты. Әрине, оқытудың қарама – қайшылығы басқалардан бұрын зерттеген (М.А. Данилов, М.Н. Алексеев, М.Н. Скаткин, Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский)

Кейбір жұмыстарда ұжымынын қарама-қайшылығы (Л.И. Новикова) тәрбие процесінің (И.С. Марьенко, Г.И. Щукина, В.С. Ильин, Б.Т. Лихачев), білім берудің мазмұнындағы қарама -қайшылықтар (Г.И. Батурина) зерттелді.

Юрий Константинович Бабанский қарама — қайшылық көп жағдайда кездейсоқ бір ізділікте қарастырылатындығын анықтады.

Ол жоспарлау процедурасына сәйкес келмейді, оқыту процесін ұйымдастыру мен реттеуде мұғалімдер мен әдіскерлер нақтылы жағдайда процесті жасау ескерілмейді.

Зерттеу нәтижесінде мыналар анықталады:

- қарама — қайшылықтарды қалай болса солай тұжырымдау дұрыс емес, нақтылы педагогикалық процесті жүйе ретінде олар зерттелетін объектінің мәнін, ашуы тиіс:

- қарама - қайшылықты ұстаздар мен оқушылар іс — әрекетін педагогикалық процесті басты құрамын көрсеткіш ретінде сипаттау керек;

- қарама - қайшылықтар жүйесін ғана емес, сонымен бірге оларды шешу әдістемесін негіздеу керек.



*Бұл педагогикалық процестің қарама қайшылықтар тобын психологтар жеткілікті дәрежеде жақсы зерттеген. Олардын санына **Григорий Силович Костюк** келесі қарама -қайшылықтарды жатқызады:*

- жаңа қажеттілік, мүдделер, ұмтылушылық пен тұлға мүмкіншілігінің жеткен даму деңгейі арасындағы;*
- жаңа танымдылық міндеттерімен бұрын қалыптасқадн ойлау және іс — әрекет тәсілдері арасындағы;*
- -тұлға дамуындағы жеткен деңгейімен оның өмір сүру қалпы, қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын, оның орны, атқаратын қызметі арасындағы;*
- -жақсы жетістіктерге ұмтылушылық пен қиыншылықты жеңе алмайтындық қорқынышы арасындағы;*
- -дербестікке, тәуелсіздікке ұмтылушылық пен жеке тәжірибенің жетіспеуі арасындағы;*
- -мақсаттылық, стереотиптік (еліктеушілік), тұрақғылық пен ширақтылық, өзгергіштікке ұмтылушылық арасындағы;*
- -тұлғаның ерікті әрекет пен қоғамдық қажетті іс — әрекет арасындағы:*

Процестің заңдылықтары бұрынғы педагогикалық оқулықтардың көпшілігінде көрсетілмеген немесе жалпылама түрінде берілген.


Тек кейінгі кездегі шыққан Ю.К. Бабанскийдің, И.Ф. Харламовтың, Ж.Б.Қоянбаевтардың Педагогика оқулықтарында (1988 ж., 1997 ж., 1992 ж.) педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері берілген. Мысалы, Б.Т.Лихачев (Педагогика. Курс лекции. — М.: Прометей, 1999.)

Ал қазақстандық ғалымдар Р.М., Ж.Б.Қоянбаевтар «Тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары» деп заңдылықтарға бөлек-бөлек тоқталады.



«Дұрыс педагогикалық басшылық жасай алынбаса қайшылық шешілмейді, тұйыққа кіргізеді, әкеледі, ол бұл әдетте қатты дау жанжалға әкеледі, дамуда тоқырауларға әкелетін кейбір үзілістер пайда болады. Бір кұбылыстың ішінде пайда болған қайшылық оның өз ішінде шешілмейді, басқа жоғары деңгейдегі кұбылыстармен байланыстары арқылы, яғни жаңа, өте күрделі даму формасы құрылуы арқылы жүзеге асады» – дейді

***Э.В. Ильенков, Макаренко А.С.** педагогиканы диалектикалық ғылым деп санаған. «Оқыту және тәрбие процесінің диалектикасы оның өзара байланысында, үздіксіз дамуында, жыл-жымалылығында және қарама-қайшылығында ашылады» деген.*



XIX ғасырдың өзінде-ақ оқыту мен тәрбиелеу бірлігін дәлелдейтін фактілер пайда бола бастады. Олар И.Ф. Гербарт, К.Д. Ушинский, Н.Ф. Бунаков, В.П. Вахтеров т.б. еңбектерінде талдана бастады.

Педагогикалық үдеріс тұтастығын дамытуға Н.К. Крупская, С.Т. Шацкий, А.С. Макаренко, А.П. Пинкевич көп үлес қосты.

Бірақ 30-жылдары оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктерін тереңдете зерттеу үшін оларды бөліп қарастыру көзқарасы басым болды.

Тұтас педагогикалық үдеріс мәселесіне 70-80-ші жылдар аралығында Ю.К. Бабанский, М.А. Данилов, В.С. Ильин, В.В. Краевский, Б.Т. Лихачев және т.б. көңіл бөле бастады.

Ғалымдар мен педагогтер тұлғаны дамытуға жан-жақты амал жасау тек педагогикалық үдеріс тұтастығы негізінде жүзеге асырылатындығын баса көрсетті.

Қазақстанда тұтас педагогикалық үдерісті дамыту мәселесін кеңінен қарастырған ғалым-педагог Надежда Дмитриевна Хмель.



Педагогикалық процестің заңдылықтары – педагогикалық процесс құбылыстары мен аспектілері арасында объективті өмір сүретін, қайталанып тұратын, тұрақты, мәнді байланыстар. Заңдылықтар: ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Педагогикалық процестің жалпы заңдылықтары:

1. Тәрбие мен әлеуметтік жүйе байланысы;
2. Оқыту мен тәрбие байланысы;
3. Тәрбие мен іс-әрекет байланысы;
4. Тәрбие мен тұлға белсенділігі байланысы;
5. Тәрбие мен қарым-қатынас байланысы.

Байланыстар негізінде принциптер анықталады. Педагогикалық принциптер – қойылған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі идеялар, ережелер.

Принциптердің атқаратын қызметтері:

1. Олардың көмегімен мақсат анық, дәл тұжырымдалады;
2. Педагогикалық процестің мазмұнын, әдісін, құралдарын, формаларын анықтау үшін қолданылады;
3. Тәрбиелік қатынастардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді;
4. Педагогикалық процесті дамыту заңдылықтары ретінде қолданылады.

Педагогикалық процесс принциптері:

1. Табиғатпен үйлестіру;
2. Ізгілік әрекет ұйымдастыру;
3. Тұтастықты жүзеге асыру;
4. Демократиялық негізде ұйымдастыру;
5. Мәдениетпен үйлестіру;
6. Кәсіптік мақсаттылықты жүзеге асыру;
7. Политехнизм принципі.

Педагогикалық процестің технологиялық жүйесі:

1. педагог нақты мақсатты шешу қажеттілігі мен маңыздылығына тәрбиеленушінің көзін жеткізуге тырысады; мақсатқа сәйкес білімдерді алу жолдарын меңгертеді;

2. қойылған мақсатқа сәйкес білімдерді алу жолдарын меңгертеді;

3. бұл білім алу жолдарын іс-жүзіне асыруды ұйымдастырады;

4. барлық кезеңдерде тұрақты ынталандыру жұмысын жүзеге асырады;

5. жұмыс нәтижесін бақылап, бағалайды.

Педагогикалық процестің басты міндеттері:

1. Оқу процесіндегі белсенді іс-әрекет негізінде оқушыларды танымдық әдістермен қаруландыру;

2. Тұлға ретінде өзін және оқу процесі заңдылықтарын түсіне отырып, танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға үйрету;

3. Педагогикалық өзара әсерлесу негізінде мақсатты іс-әрекет жасай білудің жолдарын меңгерту.

Назарларыңызға рахмет!!!